



Ә.М. Оразбаевтың 95 жылдығына арналған
**«ҚАЗАҚСТАН МЕН ІРГЕЛЕС ЕЛДЕРДІҢ ТАРИХИ-МӘДЕНИ МҰРАСЫН ЗЕРТТЕУДЕГІ
ЗАМАНАУИ ӘДІСТЕР МЕН ТҰРҒЫЛАР»** атты
«ІХ ОРАЗБАЕВ ОҚУЛАРЫ»
халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ
I-бөлім



МАТЕРИАЛЫ
международной научно-методической конференции
«ІХ ОРАЗБАЕВСКИЕ ЧТЕНИЯ»
по теме **«СОВРЕМЕННЫЕ МЕТОДЫ И ПОДХОДЫ В ИЗУЧЕНИИ
ИСТОРИКО-КУЛЬТУРНОГО НАСЛЕДИЯ КАЗАХСТАНА И СОПРЕДЕЛЬНЫХ СТРАН»**,
приуроченной к 95 летию А.М. Оразбаева
Часть I

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ОРТАЛЫҚ МУЗЕЙІ
«ТАҢБАЛЫ» ТАРИХИ-МӘДЕНИ ЖӘНЕ ТАБИҒИ МЕМЛЕКЕТТІК ҚОРЫҚ-МУЗЕЙІ

Ә.М. Оразбаевтың 95 жылдығына арналған
«ҚАЗАҚСТАН МЕН ІРГЕЛЕС ЕЛДЕРДІҢ ТАРИХИ-МӘДЕНИ МҰРАСЫН
ЗЕРТТЕУДЕГІ ЗАМАНАУИ ӘДІСТЕР МЕН ТҰРҒЫЛАР» атты
«IX Оразбаев оқулары» халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ

28-29 сәуір 2017 жыл
I бөлім

PROCEEDINGS
of International Scientific and Methodical Conference
"IX Orazbayev Readings" on the theme
"MODERN METHODS AND APPROACHES IN STUDYING OF HISTORIC AND CULTURAL
HERITAGE OF KAZAKHSTAN AND THE ADJACENT COUNTRIES",
dated for the 95th anniversary of A. M. Orazbayev

28-29 April, 2017
Часть I

МАТЕРИАЛЫ
международной научно-методической конференции
«IX Оразбаевские чтения» по теме
«СОВРЕМЕННЫЕ МЕТОДЫ И ПОДХОДЫ В ИЗУЧЕНИИ ИСТОРИКО-
КУЛЬТУРНОГО НАСЛЕДИЯ КАЗАХСТАНА И СОПРЕДЕЛЬНЫХ СТРАН»,
приуроченной к 95 летию А.М. Оразбаева

28-29 апреля 2017 г.
Part I

Алматы
«Қазақ университеті»
2017

Редакция алқасының төрағалары

Ғ.М. Мұтанов – техника ғылымдарының докторы, академик, әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университетінің ректоры

Әлімбай Нұрсан – Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейінің
директоры, профессор

Редакциялық алқа:

Т.С. Рамазанов – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ғылыми-инновациялық жұмысы жөніндегі проректоры, ф.-м.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі;

М.С. Ноғайбаева – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің тарих, археология және этнология факультетінің деканы, т.ғ.к., доцент; **Ә.Т. Төлеубаев** – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың «Археология, этнология және антропология» ғылыми-зерттеу институтының директоры, т.ғ.д., профессор; **А. Садуақасұлы** – «Таңбалы» тарихи-мәдени және табиғи мемлекеттік қорық-музейінің директоры; **Р.С. Жуматаев** – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың археология, этнология және музеология кафедрасының аға оқытушысы

Жауапты редактор

Ғ.Қ. Омаров – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Археология, этнология және музеология кафедрасының меңгерушісі, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент

Құрастырушы

Р.С. Жуматаев, С.Т. Сағындықова, С.А. Сапатаев

«Қазақстан мен іргелес елдердің тарихи-мәдени мұрасын зерттеудегі заманауи әдістер мен тұрғылар» атты «IX Оразбаев оқулары» халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары / Жауапты ред. Ғ.Қ. Омаров. 1 бөлім. – Алматы: Қазақ университеті, 2017. – 337 б.

ISBN 978-601-04-2343-5

Ә.М. Оразбаевтың 95 жылдығына арналған «IX Оразбаев оқулары» халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдарының жинағына Қазақстан және іргелес өңірлердің археологиясы мен этнологиясының, музей ісінің бүгінгі күнгі өзекті мәселелеріне арналған зерттеулер енген. Материалдар жинағы археологтарға, этнологтарға, тарихшыларға және қалың көпшілікке арналған.

В сборник материалов международной научно-методической конференции «XI Оразбаевских чтения» приуроченной к 95-летию А.М. Оразбаева вошли актуальные исследования, посвященные современным проблемам археологии, этнологии музеологии Казахстана и сопредельных регионов. Материалы сборника предназначены археологам, этнологам, историкам и широкой общественности.

© Әл-Фараби атындағы Қазақ ҰУ, 2017

ISBN 978-601-04-2343-5



Рис. 4. Герб Республики Алтай РФ. Фото Н.А. Тадиной

Омаров Ғ.Қ., Тишкин А.А.

АЛТАЙ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЭКСПЕДИЦИЯСЫНЫҢ КЕЙБІР ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

Шығыс Қазақстан өңірі табиғи жағынан алып қарағанда еліміздегі ең бір қызық та ерекше аудандарының бірі болып табылады. Ол әлемдік тарихнамада өзінің сарқылмас табиғи байлықтарымен, кен көздерімен ғана емес, сонымен қатар бірегей тарихи-мәдени ескерткіштермен белгілі. Осы тарихи ескерткіштердің қалыптасып дамуына ауа-райы да, табиғи орта да тиісті дәрежеде өз әсерін тигізген. Мәдени-тарихи дамуға мейлінше әсерін тигізген Оңтүстік Сібірдегі ең биік таулы аймақ – Алтай тау аймағы болып табылады. Қазақстан Алтайы өз кезегінде Алтай тау жүйесінің оңтүстік, оңтүстік-батыс бөлігін алып жатыр. Оңтүстік Алтай, Марқакөл, Жоғарғы Қарақаба, Бобровка, Орловка және т.б. тауаралық ойпаттар арқылы бөлінген, ендік бойымен созылған тау жоталары жүйелерінен тұрады. Жоталардың ерекшелігіне солтүстік баурайының тік және оңтүстік баурайларының ұзын да жайпақ болып келуі тән.

Көне дәуір кезінен-ақ климаты, фауналық-флоралық дүниесі қазіргі кезге сай келгендігі мамандар тарапынан айтылып келеді. Осы өлкенің физикалық-географиялық қолайлы жағдайы ықылым заманнан алғашқы адамдардың өмір сүруіне тиімді болғандығын көрсетеді. Өңірдегі табиғатқа, мәдени-дамуға және шаруашылыққа өзен-көлдер де өзіндік әсерін тигізген. Ежелгі дәуір

ескерткіштерінің едәуір бөлігі Шығыс Қазақстанның ең басты артериясы – Ертіс өзенінің аңғарларында орналасқан. Біз қарастырып отырған Күршім ауданының жер беті ағын суына бай. Зайсан және Марқа көлдерінен басқа басты өзендер Ертіс және оның ірі оң салалары: Қалжыр, Күршім, Қаба, Білезік, т.б. Өзендерінің суы мол, ағыны қатты келеді [1, 584 б.].

Қазақстан аумағындағы Алтай таулары көпметалды кендердің (қалайы, қорғасын, мырыш, мыс, вольфрам, күміс, сынап және т.б.) қазынасы саналады. Нарым мен Күршім тау жоталары аумағында алтын мен сирек кездесетін металдардың кеніштеріне аса бай.

Шығыс Қазақстан жерінің Алтай тауларының сілемдерінің қойнауы бағзы замандардан ақ сан алуан ғажайып ескерткіштері көп кездесетін өлке. Ежелгі дәуірге жататын ескерткіштердің бұл аймақта көп болуы көне замандардағы тұрғындарды қызықтырғандығын айғақтайды.

Күршім өңірінің археологиялық тұрғыда зерттелінуінің Қазақстанның басқа өңірлерімен салыстырғанда ақтандақ беттері бар деп айтуға болады. Қарастырылып отырған өңірдегі ескерткіштер хронологиялық жағынан қола, ерте темір және түркі дәуірі ескерткіштері болып мерзімделеді. Зерттеудің келесі бір бағыты аталған өңірлердің және көршілес жатқан аймақтардың этноқайнар көздері мен бірге көне мәдениеттер арасындағы ықпалдастықты да анықтау негізінде құрылып, біршама қорытындылар жасалды. Кешенді түрдегі археологиялық зерттеулер Шығыс Қазақстандағы көне мәдениеттердің дамуы мен басталуын анықтауға мүмкіндік берді. Бұл мәдениеттердің әрқайсысынан қалған айқын белгілер бізге таңғажайып мол ескерткіштер түрінде жетіп отыр.

Шығыс Қазақстан тайпаларының басты кәсібінің бірі металл өңдеу болғанын мұнан табылған қола, алтын заттар айқын аңғартады. Олар құрал-сайман, қару-жарак, әшекей бұйымдары түрінде кездеседі. Әшекей бұйымдарын жасауда металл өңдеу өнері жоғары дәрежеге жетіп, бұйымдар сыртқы пішінінің әдемілігі мен өңдеуінің тиянақтылығы және мүсіндік бейнелілігімен ерекшеленеді. Соның бірі кездейсоқ жағдайда табылған қола айна [2]. Қара Ертістен табылған қола айнаның пішіні дөңгелек, диаметрі – 9 см. Айнаның сыртқы бетінің дәл ортасында дөңгелек тұғырда шығыңқы бедермен доға пішінді ілмешек түйме орнатылған (1 сурет). Оның айналасындағы ою-өрнектер орнында тағы да шығыңқы бедермен айдаһар мен жолбарыс бейнелері (?) бір-біріне қарама-қарсы арандарын ашып, бүктетілген кейіпте мүсінделген. Онан төменде қой ма, қошқар ма, әлде басқа бір мүйізді жануардың мүсіні, белгісіз бір құстың силуэті және шарбы бұлттарға ұқсас стилдендірілген өрнектер салынған. Ою-өрнектерден әрі қарайғы шеңбердің сыртында айналдыра көне қытай иероглифтерімен төменде берілген мәтіндегі жазбалар бедерленген, жазбалардың сыртын айналдыра шеңбер ішінде тік параллелді ұсақ сызықшалар салынған, ал онан әрі жиегі біркелкі, тегіс, шығыңқы етіп шығарылған. Қола айнаның бетіндегі көне қытайша жазбалар бар (аударған С. Сұңғатай). Жазбаның қазіргі қазақ (кириллица) әліпбиі бойынша транскрипциясы: Цин гай (немесе ян?) зо цзин цзы ю цзи пи цюй бу ян и гу ши чан бао эр цинь ли сунь цзы (?) гэн гао гуань шоу мин цзю (немесе чжи?).

Жазбаның қазақша аудармасы: «Көк түсті асыл металдан өз ережем бойынша айна жасадым. Ол зұлымдықтан аластайды, сауда-сатыққа пайдалы. Өз ата-анаңды мәңгі қорғайды. Сіздің ұрпақтарыңыз дәулетті болсын..., биік мансаптарға жетсін. Сізге ұзақ ғұмыр бергей...»

Бұл қола айна Шығыс Хань әулеті билігінің соңғы кезіндегі (б.з. III ғ.) қола айнаға ұқсатылып, XII-XIII ғасырларда жасалған көшірмесі болуы әбден мүмкін, әрі сол Қара қытай билігі кезінде қолданыста болған тамаша тұрмыстық-сәндік бұйым болған. Әрине, ол жәй сәндік бұйым ғана болмаған, айнаның артқы бетіндегі ою-өрнек, мүсіндер мен дұға-тілек түріндегі жазбалардың мазмұнына қарағанда қола айна белгілі мақсаттағы діни нанымдық мәні бар ғұрыптық зат саналған, әрі бойтұмар ретінде де қолданылған.

Аталған қола айна солтүстік Қытайды билеген Ляо (Кидан) мемлекетінде жасалып, ел билігі құлаған соң, халықының бір бөлігі Орталық Азияға үдере көшіп келіп, қазіргі Солтүстік Шыңжаң, Шығыс Қазақстан мен Жетісу жерінде билік жүргізген Батыс Ляо, яғни Қара кидан немесе Қара қытай мемлекетінің мәдени мұрасы деп танылды [3, 265-266 б.]. Орталық Азияға қоныс аударған кидандар (Қара қытайлар) алғаш Тарбағатайға ат басын тіреп, ондағы Еміл қаласын, онан соң Қаялық, Баласағұн қалаларын астана етті. Қазіргі Шығыс Қазақстанның Күршім ауданы өңірі де сол хандықтың билеуінде болғаны анық. Демек, аталмыш қола айна Шығыс Хань әулеті билігінің соңғы кезіндегі (б.з. III ғ.) қола айнаға ұқсатылып, XII-XIII ғасырларда жасалған көшірмесі болуы әбден мүмкін, әрі сол Қара қытай билігі кезінде қолданыста болған тамаша тұрмыстық-сәндік бұйым болған. Әрине, ол жәй сәндік бұйым ғана болмаған, айнаның артқы бетіндегі ою-өрнек, мүсіндер мен дұға-тілек түріндегі жазбалардың мазмұнына қарағанда қола айна белгілі мақсаттағы діни нанымдық мәні бар ғұрыптық зат саналған, әрі бойтұмар ретінде де қолданылған.

Күршімдік қола айна Ұлы Жібек жолының далалық тармағының бойындағы XII-XIII ғасырларда тығыз саяси және этномәдени ықпалдастықта болған Шығыс Қазақстан жерін мекендеген түркі-моңғол тектес тайпалардың материалдық мәдениетінің тамаша өнер жәдігері болып есептеледі, әрі қытай тектес халықтармен өзара саяси және мәдени байланыстарының жарқын айғағы саналады.

«Элитарлық» обалар кешені жөніндегі зерттеулер де өз бағытымен жұмыс атқаруда. Мұндай обалардың Алтай тауларына дейінгі тараған үлгілерінің ерекшеліктеріне қарай жүйесі жасалып топтастырылуда. Дегенмен, арақидік қазбалардан тыс жалпылама сипаттамаларды қоспағанда патшалық обалардың көп мәселелері барынша терең ізденістер мен зерттеулерді қажет етеді. Оларды табысты зерттеу (шығу тегі мәселелері, семантикасы т.б), мәліметтерді әлеуметтік мәдени үлгілеуге қолдану үшін деректемелік қорды мәнді түрде кеңейту мен жаңа нысандарды кең көлемде қазу қажет. Оның үстіне аса ірі патшалық обалар тонаушылар тарапынан бұзылып, құртылуда. Алтай тауы баурайларына археологиялық барлау жұмыстары жүргізіліп, нәтижесінде Жалпаққайың қорымынан энеолит-қола дәуірінің археологиялық ескерткіші табылса, 2013 жылы Алтай археологиялық экспедициясы Қазақстанның шығысындағы Күршім өңіріндегі Бесоба қорымына зерттеу жүргізді [4]. Археологиялық қазба барысында 26 қорған есепке алынса, оның 22-сі сақ дәуірінің қорғандары. Археология ғылымында «пантера» деп аталатын мысық тұқымдас аңның алтын қаңылтырға пунсондық әдіспен батырылып салынған бір дана бейнесі осы қорымдағы №10 қорғаннан табылды (2 сурет) [5]. Мұндай бейнелердің семантикасы біршама күрделі, сондықтан да ғалымдар олардың мән-мағынасы туралы бірегей пікірге әлі келе алған жоқ [6; 7]. Десек те, мұндай тәсіл арқылы жан ұшыра қашып келе жатып құлаған аңның ажал алдындағы соңғы шырғауы, азу тісін ақсита айбат шегуі бейнеленген деген пікірдің көпшілік арасында белең алып тұрғанын айта кеткен абзал.

Алтай археологиялық экспедициясының Шығыс Қазақстан облысындағы зерттеулері нәтижесінде 2012 жылы кездейсоқ жағдайда табылған тастағы көне түрік жазуының құпиясы ғалымдар тарапынан оқылып, алғашқы талдау қорытындылары баяндалады [8]. Сақталып қалған сынық тастың өңделінген бетінде 8 таңба-әріп үшкір затпен қашалған. Таңба-әріптер екі қатарда бейнеленген. Бірінші қатарда 7 таңба, екінші қатарда 1 ғана таңба байқалады (3 сурет). Сақталуы жақсы, таңбалар айқын көрінеді. Бірінші қатардағы таңбалар ұзына бойы 8 см болатын түзу сызық бойымен орналасқан. Қабырғаталдан табылған көне түрік бітік жазулы мәтіннің оқылуы (мәтінді оқыған – Н. Базылхан):

Мәтін транскрипциясы: **Er atım Tayran š?**

Қазақшасы: **Ер (батыр) атым Тағран ш ? (4 сурет).**

Осы тастың мәтініне ұқсас «ер атым...» деген тұрақты қолданыс түрік дәуірінде кеңінен таралған, ондай жазулар Қазақстан, Моңғолия, Қырғызстан, Тыва, Хакасия және басқа аумақтарда мольнан кездеседі. Ал осы жолдағы көне түрік батырдың есімі **tayun // atay** деп оқылу мүмкіндігі болғанымен, оның есімін қашап таңбалағанда Талас көне түрік бітік ескерткіштерінде жиі кездесетін ү (ғ), ү (ө,ү) және г (р) , қ (к) таңбаларын өзара алмастырып қолданатындығы байқалады. Бұл тастағы көне түрік мәтінінің таңба-графикалық ерекшелігі Талас ескерткіштеріне жақын. Бұл көне жәдігер Он ок, Түргеш дәуіріне жатады, VIII-IX ғасырлармен мерзімделеді.

2014 жылы Күршім тарихи-мәдени ауданында жүргізілген археологиялық жұмыстардың барысында Қара Ертіс өзенінің оң жағалауында орналасқан Түйетас қорымынан VIII-X ғасырларға жататын № 29 қорғанда 2,17 м тереңдіктен жақсы сақталған жылқы әбзелдері табылды. Қабір шұңқырының 2,85 м тереңдігінен оңтүстік-шығысындағы ағаш құрылыстан оңтүстікке қарай 0,5-0,6 м аумақта ертоқым қалдығы анықталды. Ағаш пен қайыстан жасалған ертоқымды қабір шұңқырына қойылған ағаш құрылыстың сыртына қарай қойған. Шығыстан батысқа 1,1 м, оңтүстіктен солтүстікке 0,58 м көлемінде созыла жатыр. Тоқымның екі бүйірі ағаштан жасалған, онда ою-өрнегі байқалатын шірінді мата қалдықтары сақталған [39, 35-38]. Оның батыс бөлігінен екі темір үзенгі аршылды. Үзенгілердің шеңберлерінің ішкі бөліктерінің диаметрі – 10 см, биіктігі – 18 см, ені – 12 см, ал табан тірелетін астыңғы бөлігі ыңғайлы болу үшін жалпайтылған. Бұдан басқа тоқымның жиектеріне өрнектеле орнатылған қола әшекейлер анықталды. Қола әшекейлер жүгенге орнатылған әшекейлер іспеттес. Ер тоқымның үстіңгі беті бүлінген. Ер тоқым алынған соң астыңғы бөлігінде де қоладан, алтын жалатылған күмістен жасалған бұйымдардың бары анықталды. Бұл жәдігерлер әйгілі реставратор Қ.К. Алтынбековтың «Остров Крым» зертханасында өзінің бәз баяғы бастапқы қалпына келтірілді (5 сурет). Жүгенді әсемдеген әшекей заттар жоғары дәрежеде асқан шеберлікпен жасалған. Жасаған зергердің өз ісінің хас шебері екендігі анық. Жүгендегі салпыншақ әшекейлердің өрнектелген біраз бөлігінің беткі қабаты дөнестеліп келіп, ал жайдақтала біткен астыңғы қабаты арасында темір заттан қоңырау тәрізді сыңғырлап дыбыс шығару үшін арнайы жасалған. Бұл кимак ақсүйегінің сол кездегі өз ортасында алған мәртебесін көрсеткендей [9, 188-194].

Былтырғы жылы Аян қорымынан қимақ жауынгерінің толық сақталған қорғаны қазылды. Зерттеу жұмыстары нәтижесінде қаңқаның сол қолының басынан ұзындығы өкшесіне дейін жететін қыны қайыстан жасалған, астыңғы жағына темір ұшы киілген ұзындығы 115 см болатын семсер қойылған. Сабы ағаштан, үш бұрышты және дөңгелек саңылаулары бар жетесі темірден жасалған. Жүзі тік, қимасы үш бұрышты ұшы конус тәріздес. Жетесі тік, оюланған. Қылыштың сабының айналасында белге ілуге арналған, оюланған металдан жасалған заттар жатыр. Заттардың бетіндегі жапырақ, өсімдіктерге ұқсас оюлар, ал артқы жағында ромб тәрізді саңылаулары бар. Қылыштың астында, орталық бөлігінде темір пышақ табылды (?). Мәйіттің оң қолының үстінде қынап пен темір жебе ұштары табылды. Қорамсақтағы (қылшан) жебе бастары ұштарымен жоғары қаратылып қойылған. Қылшанның үстіңгі жағында ағаш төсеніштің іздері бар, астындағы квадратты кесікте темір жебе ұштары жатыр. Астыңғы жағы жалпақтау, үстіңгі жағынан 15 см қылшан жіңішкеріп кетеді. Сол жағында қозғалмалы тілшесі бар айылбас жатыр. Жерлеу шұңқырының солтүстік жағында көптеген металдан жасалған белбеу ұштары, таратқыштар тағы басқа ат әбзелдеріне тиесілі заттар орналастырылған. Ат әбзелдері әр түрлі оюлармен өрнектелген. Кейбіреулерінде тері қайыстың қалдықтары сақталған [10, 194-199]. Жауынгердің тоналмай сақталған қару-жарағы мен кісе белдігі қазіргі таңда Қ.К. Алтынбековтың «Остров Крым» зертханасында реставрациялық өңдеуден өтуде.

Алтай бөктерлеріндегі археологиялық ескерткіштерден табылған сақ дәуірінің ерте кезеңі – майемер мәдениетіне жататын металдан жасалған артефактілердің химиялық құрамы алғаш рет анықталып отыр. Металдан жасалған ат әбзелдерінің беткі қабаты елімізде алғаш рет тестілеуден өтті. Алтай тауларындағы хунну-сяньбий-жужан уақытына жататын қорғандардан табылған жылқы сүйектері РФ зертханалардан радиокөміртектік саралаудан өтті [11].

Жалпы алғанда Алтай археологиялық экспедициясының ізденістері барысында Күршім ауданында әр дәуірлерге жататын археологиялық ескерткіштер зерттелді. Соның ішінде түркі дәуірінің тас мүсіндері туралы мақаламызда айтылғандықтан оған тоқталмадық [12].

Зерттеу жұмыстары нәтижесінде алынған жаңа деректік материалдар біздің Шығыс Қазақстанның көне мәдениеттері жайлы түсінігімізді біршама толықтыра түсті. Осы орайда Алтай тауларының баурайындағы қола дәуірі ескерткіштерінің ерекшелігі анықталды. Қарастырып отырған өлкедегі ерте темір дәуірі ескерткіштері көршілес аймақтардағы хронологиялық шеңбері бір мәдени ошақтармен теориялық жағынан салыстырылып, ұқсастықтары мен айырмашылықтары айқындалды.

Еңбек және тұрмыс құрал-жабдықтарының ұқсастығы, шаруашылығы мен діни сенімдері, жерлеу құрылыстарының дамуындағы ерекшеліктер мен ортақ белгілер қола, ерте темір дәуірі тіпті түркі кезеңі мәдениеттерінің түбірінің бір, өзара сабақтастығының тамыры тереңде жатқандығын көрсетті. Атап айтқанда ерте темір дәуіріндегі Алтай ескерткіштерін жасаушылар қола дәуірінде өмір кешкен тайпалардың тікелей мұрагерлері екендігі дәлелдене түсті. Олардан қола дәуірі кезеңдерінің өзара байланыстары мен жүйелі хронологиялық дамуы жақсы көрінеді. Демек, Алтайлық ерте сақ мәдениетінің қола дәуіріндегі мәдениеттердің қарапайым түрінен, күрделі, жетілген сатысына өткен заңды жалғасты жетістігі деп қорытындылауға мүмкіндік береді. Ерте темір дәуірі ескерткіштері құрылымының күрделілігімен, көрнектілігімен, сәулет құрылыстарын салудың жоғары техникасымен көзге түседі. Археологиялық барлау барысында Қособа, Бесоба, Ақжайлау сынды аса ірі, ғажайып бейіт құрылыстары патша обаларының ең жетілген, жоғары дамыған кезеңі екенін көрсетіп берді.

*Мақала 1038/ГФ4 «Оңтүстік-Батыс Алтайдың ежелгі және ортағасыр көшпелілері: пәнаралық зерттеу» атты ҚР БЖҒМ Ғылым комитеті гранты аясында орындалды

1 Қазақстан Ұлттық Энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2007. – Т.9. – 686 б.

2 Омаров Ғ.Қ., Сұңғатай С., Көпенова М.Е. Марқакөлден кездейсоқ табылған қола айна // Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ң археология және этнология саласындағы жетістіктері мен келешегі. – Алматы: Тарих тағылымы, 2011. – 65-73 б.

3 Сұңғатай С. Фукан сянь Саньгун сян сияло тунцзин // Чжунго каогусюэ няньцзянь (Фукаан ауданы Саньгун ауылынан табылған Қара Қытай қола айнасы // Қытай археологиясының жылнамасы). – Пекин, 1993. – Б. 265-266.

4 Омаров Ғ.Қ. Бесоба қорғандары – Алматы:Қазақ университеті, 2015 – 29 б.

5 Омаров Ғ.Қ. Шығыс Қазақстанның ерте сақ заманының «аң стилі»// Всадники Великой степи: традиции и новации. Труды филиала Института археологии им. А.Х. Маргулана в г. Астана, 2015.– 202-208 с.

6 Богданов Е.С. Образ хищника в пластическом искусстве кочевых народов Центральной Азии (скифо-сибирская художественная традиция. – Новосибирск: Изд-во ИАЭТ СО РАН, 2006. – 240 с.

7 Королькова Е.Ф. Звериный стиль Евразии. Искусство племен Нижнего Поволжья и Южного Приуралья в скифскую эпоху (VII – VI вв. до н. э.). Проблемы стиля и этнокультурной принадлежности. – СПб.: Петербургское Востоковедение, 2006. – 272 с.


8 Омаров Ф.К., Базылхан Н. Шығыс Қазақстан облысы Қабырғаталдан жаңадан табылған көне түрік бітік жазулы ескерткіш туралы (алғашқы талдау) // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – № 6 (68), 2015. – 94-99 бб.

9 Омаров Ф.К., Алтынбеков Қ.К., Сапатаев С.А. Шығыс Қазақстаннан табылған қимақ ат әбзелі // Алтай – түркі әлемінің алтын бесігі. – Өскемен: «BIOS», 2016. – 188-194 бб.

10 Омаров Г.К., Тишкин А.А., Бесетаев Б.Б., Серегин Н.Н., Сапатаев С.А., Сагындыкова С.Т. Предварительные результаты археологических раскопок на могильнике Аян // Алтай – түркі әлемінің алтын бесігі. – Өскемен: «BIOS», 2016. – 194-199 бб.

11 Тишкин А.А., Серегин Н.Н., Матренин С.С. Результаты радиоуглеродного датирования конских костей из курганов Алтая хуннуско-сяньбийско-жужанского времени // Казахское ханство в потоке истории. – Алматы: Ин-т археологии им. А.Х. Маргулана, 2015. – С. 599–614.

12 Омаров Г.К., Толегенов Е.Т. Средневековые изваяния Западного Алтая // Древние и средневековые изваяния Центральной Азии : сб. ст. /отв. ред. А.А. Тишкин. – Барнаул : Изд-во Алт. ун-та, 2014. – 144 с.: ил. (Алтай на перекрестке времен и смыслов. Вып. 4). – С. 97-100



Сурет 1 – Күршім ауданынан табылған қола айна



Сурет 2– Мысық тұқымдас аңның бейнесі



Сурет 3 – Көне түрік бітік жазулы мәтіннің фотосуреті



Сурет 4 – Көне түрік бітік жазулы мәтіннің сызбасы (Н. Базылхан, 2015 ж.)



Сурет 5– Түйетастан табылған кимак ат әбзелі

Үмітқалиев Ұ.Ұ., Искаков Қ.А., Өмірбекова Ж.

ҚАЗАҚСТАН ЖЕРІНДЕГІ КӨНЕ ТАЙПАЛАРДЫҢ ЖЕРЛЕУ ДӘСТҮРІНДЕГІ МӘЙІТТІ САҚТАУ ЖӘНЕ ЖӨНЕЛТУ ЖОЛДАРЫ

Еуразия даласында өмір сүрген көшпелі этностардың жерлеу дәстүрінде кездесетін адам сүйегіне жасалған әртүрлі манипуляциялық белгілерді дүниетаныммен байланыстырып қарастыру терең талданатын тақырыптардың бірі. Бұл жөнінде көптеген зерттеушілер қалам тартқанымен, ұлттық көзқарас тұрғысында, яғни этноархеологиялық бағытта зерттеулер жасалмады деуге болады. Қоршаған ортаға бейімделу және соған лайықты тұрмыс салты мен шаруашылықтың қалыптасуын қарастыра отырып көне ұлыстардың дүниетанымын анықтауға мүмкіндік туындайды. Қазақстан жерінде энеолит дәуірлерінен бастап кейінгі ортағасырға дейін кездесетін адам бас сүйегіне жасалған трепанациялар мен әр түрлі деформациялық өзгерістер, сүйек қаңқаларына жасалған манипуляциялық белгілерден тың тұжырымдар жасауға болады. Сондықтан біздің бүгінгі күні көтеретін тақырыбымыз көшпенділер қоғамындағы адам бас сүйектеріне жасалған трепанция жайында болмақшы.

Сөзімізді әріден бастар болсақ адам бас сүйегіне жасалған трепанация туралы жазбаша мәлімет Гипократтың «Бас жарасы туралы» шығармасында кездеседі. Онда бас сүйектің жіктері мен сүйектері,

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ

ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС / ПЛЕНАРНОЕ ЗАСЕДАНИЕ

Төлеубаев Ә.Т., Жуматаев Р.С., Шағирбаев М.С. Шілікті IV қорымындағы №7 обаның қазбасы нәтижесі.....	3
Dashkovskiy P. K., Ojiganov A. N. The new findings of burial mounds of the scythian period at the burial of inskoy dol (Western Altai).....	10
Бейсенов А.З. Орталық Қазақстан сақ дәуірі қоныстарын зерттеудің кейбір қорытындылары.....	12
Тадина Н.А. О Пазырыкском стиле национальной символики республики Алтай.....	17
Омаров Ғ.Қ., Тишкин А.А. Алтай археологиялық экспедициясының кейбір қорытындылары.....	21
Үмітқалиев Ұ.Ұ., Искаков Қ.А., Өмірбекова Ж. Қазақстан жеріндегі көне тайпалардың жерлеу дәстүріндегі мәйітті сақтау және жөнелту жолдары	27
Бисембаев А.А., Дүйсенғали М.Н., Мамедов А.М., Баиров Н.М., Амелин В.А., Бидагулов Н.Т., Фоменко А.С. Попытка применения фотограмметрии в качестве археологического метода фиксации при исследовании памятника ранних кочевников Шпаки II	35

СЕКЦИЯ I

АРХЕОЛОГИЯДАҒЫ МӘДЕНИЕТТЕР САБАҚТАСТЫҒЫ МӘСЕЛЕСІ / ПРОБЛЕМА ПРЕЕМСТВЕННОСТИ КУЛЬТУР В АРХЕОЛОГИИ

Мамиров Т.Б., Куандық С.Р. История изучения неолита и энеолита Северного Приаралья.....	41
Мамиров Т.Б., Тоқсанова Г.О. Мәдени қабатты палеолит ескерткіштері ежелгі Қазақстан тарихының маңызды дерегі ретінде (Шығыс Қазақстан облысы бойынша)	43
Железняков Б.А., Садуақасұлы А., Херманн Л. Петроглифы Актерека.....	45
Усачук А.Н. Челябинский псалей	52
Мерц И.В., Мерц В.К., Ковалев А.А. Новые памятники эпохи бронзы Тарбагатайского района Восточно-Казахстанской области.....	55
Медетова Д.М., Рахимжанов Қ.Қ. Қола дәуірі: Андронов тарихи-мәдени қауымдастығы.....	58
Сапарова К.С., Хабдулина М.К. Проблемы изучения поздней бронзы Северного Казахстана.....	60
Айтқұл Х.А., Успанова М. К вопросу эпохи бронзы сопредельных территории Западного Казахстана (по материалам фондовой коллекции ЦГМ РК).....	64
Үмітқалиев Ұ.Ұ., Юмакаева Э.А., Ғайса А.М. К вопросу о ремонте скобами керамики бронзового века	66
Айдарханова Е.Е. Батыс Қазақстанның қола дәуірі ескерткіштерінің зерттелу тарихы	67
Бедельбаева М.В. Знаки-символы на курганных плитах могильника Бесоба	71
Zhauymbayev S.U., Yevdokimov V.V., Kukushkin A.I., Shohatayev O.S. Workshop 1 of alat settlement (Karkaraly district of Karaganda region)	76
Сараев В.В. Древние поселения урочища Майбулак.....	78
Айтқұл Х.А. Көшпелілердің ат әбзелдеріне байланысты кейбір мәселелері (ҚР MOM-ның қор коллекциясы негізінде)	83
Қобланұлы М., Хабдулина М. К. История изучения археологии улуса Жоши.....	87
Жанұзақ Р.Ж., Дүйсенғали М.Н. Ақтөбе облысының территориясындағы ерте темір дәуірі ескерткіштерінің зерттелу тарихы (XX ғ.-дың II жартысы)	90
Сапатаев С.А. Алтай аумағындағы жылқы ауыздығы мен сулығының байланысу әдістері.....	92
Амиров Е.Ш., Сейтқалиев М.К. Новые памятники Тасмолинской культуры в павлодарском прииртышье (предварительная публикация)	96
Кучеров П.Ю., Хабдулина М. К. История изучения предметов дистанционного вооружения ранних номадов Сарыарки	98
Борисенко А.Ю., Худяков Ю.С. Бляшки с изображением антропоморфных личин и всадника-лучника из Обь-Иртышского междуречья в собрании Великой Северной Экспедиции.....	103
Vaigunakov D. Rock art of South Kazakhstan	105
Бисембаев А.А., Дүйсенғали М.Н., Мамедов А.М., Амелин В.А., Баиров Н.М., Жанұзақ Р.Ж., Серік Г.С. Работы на аварийном могильнике ранних кочевников Шпаки II в 2016 году (предварительное сообщение)	110
Амиров Е.Ш. Украшения из могильника Каратума	112
Жуматаев Р.С., Исин А.И., Шағырбаев М.С., Айтенов Ж.Қ. Шығыс Қазақстан ерте көшпелілерінің керамикасындағы өрнектер (Семей қаласының облыстық тарихи-өлкетану музейі материалдары негізінде)	115
Тулегенов Т.Ж., Чекин А.Г. Археологические исследования на Рахатском археологическом комплексе.....	123
Горячев А.А. Археологические исследования курганов раннего железного века комплекса Тургень-II в 2016 году.....	128